

Жолаушылар көлігімен маршруттарда қызмет көрсетуге арналған ашық тендерлер ұйымдастыру жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 12 тамыздағы N 6197 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 17 қыркүйекте N 202 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 14 шілдедегі N 318-НҚ бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 шілдедегі N 743 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі туралы ереженің 20-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 12 тамыздағы N 6197 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 17 қыркүйектегі N 202 нөмірмен тіркелген Бағыттарда жолаушылар тасымалы көлігімен қызметтер көрсетуге ашық тендерлер ұйымдастыру жөніндегі үлгі ережесінің күші жойылды деп танылсын.

Т ө р а ғ а н ы ң м і н д е т і н

атқарушы

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Ашық тендерлер ұйымдастырудағы мақсат - қоғамдық көлікпен жолаушыларға сапалы қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету, әділетті бәсекелестік пен көлік қызметі нарығын дамыту үшін жағдай жасау.

1.2. Ашық тендерлерді қаланың, (облыстың) әкімі немесе оның уәкілдік берілген органы (бұдан әрі мәтін бойынша "Тапсырыс беруші") ұйымдастырып, ол ашық тендерлер өткізудің шарттары мен тәртібін анықтайды.

1.3. Тендер процесі ол жарияланғаннан бастап жеңімпаз (дар) сайлау аяқталғанда 60 күннен ұзаққа созылмауы тиіс.

1.4. Ашық тендерлердің жеңімпаздары жолаушылар көлігімен қызмет көрсету жөнінде тапсырыс берушімен немесе кепілдік берілген органмен контактыларға қол қою құқығын иеленеді.

1.5. Тендерге жеке маршруттар да, сол сияқты маршруттардың жиынтығы да

Маршруттар жиынтығын қалыптастыру кезінде рентабельді маршруттармен қатар шығын келтіретін маршруттарды да енгізу ұсынылады.

II. АШЫҚ ТЕНДЕРЛЕР ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1. Тапсырыс беруші бұқаралық ақпарат құралдары (газет, радио, телевизия және т.б.) арқылы тендер өткізілгенге дейін кемінде 30 күн бұрын тендер өткізудің басты шарттарын, тәртібі мен мерзімін жариялайды. Үлгі жариялаудың нысаны 1 - қосымшада берілген.

2.2. Жолаушылар тасымалдау құқығына лицензиясы бар кез келген заңды немесе жеке тұлға меншік нысанына қарамастан тендерге қатыса алады.

Бір ұйымдық басқару немесе қаржы құрылымына кіретін шаруашылық жүргізуші субъектілердің тендерге қатысуына тыйым салынады.

2.3. Тендерге қатысуға тілек білдірушілер Тапсырыс берушіге тендер құжаттарының жиынтығына жазбаша өтінім беруі;

- теңге мөлшерінде олардың құнын төлеуі және белгіленген мерзім ішінде тендерлік ұсыныстардың нысанын зерделеуге, толықтыруға және куәландыруға, сөйтіп оны Тапсырыс берушіге табыс етуге тиісті.

Тендерлік құжаттардың жиынтығына мыналар кіреді:

- а) тендерге қойылатын маршруттардың негізгі сипаттамалары;
- б) жолаушылар көлігімен маршруттарда қызмет көрсетуге арналған ашық тендерлер ұйымдастыру жөнінде үлгі ереже;
- в) ашық тендер жариялаудың үлгісі;
- г) тендерлік ұсыныстардың үлгі нысанының үлгісі;
- д) тендерлік ұсыныстарды бағалау нысанының үлгісі;
- ж) жолаушылар көлігімен маршруттарда қызмет көрсетуге арналған үлгі к о н т р а к т ;

з) Тапсырыс берушіге тендерлік ұсыныстарды беруге арналған бір үлкен және екі шағын конверт .

Тендерге әзірлену кезінде қатысушыға контрактының шарттарына баса назар а у д а р у ұ с ы н ы л а д ы .

2.4. Қатысушы Тапсырыс берушіге тендерлік ұсыныстар бар нысандар және қатысушы туралы комиссия мүшелерінің санына тең мөлшерде ақпарат т а п с ы р а д ы .

Тендерлік ұсыныстардың нысаны мен қатысушы туралы ақпарат жеке-жеке екі конвертке салынады да, аузы жапсырылып, бір үлкен конвертке салынады, сөйтіп қайтадан тапсырылады. Тендерлік ұсыныстардың арасында қатысушы туралы деректер болмауы тиіс. Үш конверттің үшеуінде де ешқандай таңба, белгі және қатысушы туралы деректер болмауы керек.

2.5. Белгіленген мерзімнен соң келіп түскен ұсыныстар тендерге қатысуға

жіберілмейді. Тендерді ұйымдастырушы тиісті мерзімде де берілген тендерлік ұсыныстардың бәрін бірдей қабылдауға міндетті.

2.6. Ұйымдастырушы қатысушының тендерлік ұсыныстарын тіркеген соң оларға толықтырулар мен әлде-бір өзгертулер енгізуге тыйым салынады.

2.7. Қатысушы тендерге ұсынып, ұйымдастырушы тіркеген ұсыныстардың 60 күн бойы заңды күші сақталады.

2.8. Қала (облыс) әкімінің немесе ол өкілдік берген органның шешімімен құрылатын тендерлік комиссия жұрттың көзінше конверттерді ашады, қарайды, тендерлік ұсыныстарды бағалап, жеңімпаздарды анықтайды. Комиссияның құрамына міндетті түрде:

- қала (облыс) әкімі аппаратының;
- баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеттің;
- көлік инспекциясы облыстық филиалдарының;
- салық инспекциясының;
- МАИ, қалалық, облыстық ішкі істер басқармалары кіреді.

Сонымен қоса комиссияның құрамына жолаушылар тасымалдау ісін ұйымдастыру саласының сарапшыларын кіргізу ұсынылады.

Тендерлік комиссия мүшелерінің саны тақ және 5 адамнан кем болмауы тиіс.

III. ТЕНДЕРЛІК ҰСЫНЫСТАРДЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1. Тендерлік ұсыныстар мен қатысушы туралы ақпарат нысандарының ұсынылатын үлгілері 2-қосымшада келтірілген.

3.2. Тендерлік ұсыныстарға:

а) Қатысушы тендерге қойылатын маршруттарға қызмет көрсету үшін пайдалануға ұсынатын көліктің маркасы, оны жасаушы зауыт, шығарылған жылы, сыйымдылығы (отыратын орындар мен барлық орын саны), қанша жүргені;

б) жылжымалы құрамды сақтауға, оған техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған өндірістік-техникалық базаның бар-жоғы және өндірістік-техникалық базаның заңды мекен-жайы;

в) әкімшілік-басқару қызметкерлеріне арналған үй-жайлардың бар-жоғы;

г) жолдан шығарылған көлікті алмастыру шараларының жүйесі (қолданылып жүрген немесе ұсынылатын) және оны алмастыруға кететін уақыт);

д) салонның іші мен сыртын жууды, тазалауды ұйымдастыру жүйесі;

ж) әкімшілік-басқару қызметкерлерінің, жүргізушілердің құрамы, олардың біліктілік деңгейі мен жолаушылар көлігі жүйесіндегі жұмыс тәжірибесі;

з) көлік компаниясы соңғы жылдары жолаушылар көлігімен көрсеткен қызметтің түрлері мен олардың сипаттамалары;

и) Жолаушылар тасымалдауға арналған сақтандыру контрактысының бар-жоғы;

к) қатысушының көлік компаниясының соңғы қаржылық жыл ішіндегі а й н а л ы м ы ;

л) қатысушы ұсынатын құрылым және тендерге қойылған маршруттарға ж а л а қ ы т а р и ф і н і ң д е ң г е й і ;

м) жылжымалы құрамның жаңартылуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жоспарларының бар-жоғы сияқты өлшемдер жиынтығы кіреді, олар бойынша кейін тендерлік комиссия бағалау жүргізеді.

Ұсынушы өзінің қалауы бойынша баға өлшемдерінің аталған тізбесін ө з г е р т у і м ү м к і н .

3.3. Қатысуы тендерлік ұсыныстардың барлық пункттері бойынша толық әрі жан-жақты ақпарат беруі тиіс.

ІҮ. ТЕНДЕРЛІК ҰСЫНЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ

4.1. Қатысушылардың тендерлік ұсыныстарын бағалау мен жеңімпазды анықтауды тендерлік комиссия жүзеге асырады.

4.2. Тендерлік ұсыныстар бар конверт пен қатысушы туралы ақпарат бар конверт үлкен конверттерге салынып, бекітіліп, күнгірт қорапшада сақталуы тиіс .

4.3. Комиссия төрағасы қорапшада жатқан кез-келген үлкен конвертті алып, оның оң жақтағы жоғары бұрышына ірі шрифтпен бірінші деген рет санын қ о я д ы .

4.4. Содан соң төраға үлкен конвертті ашып, тендерлік ұсыныстар бар қатысушы туралы ақпарат бар конвертке де бірінші деген рет санын қояды.

4.5. Онан кейін төраға тендерлік ұсыныстар бар конвертті ашып, ұсыныстардың әрбір көшірмесіне бірінші деген рет санын қояды да, комиссияның әрбір мүшесіне таратып береді.

4.6. Комиссия мүшелері тендерлік ұсыныстардың даналарын қарайды. Олар тендерлік ұсыныстардың әрбір пункті бойынша дербес бағалар қояды. (Бағалаудың мысалы 3-қосымшада көрсетілген).

4.7. Тендерлік ұсыныстар қаралып, бағаланған соң олар комиссияның хатшысына тапсырылады, хатшы ұсыныстарды 1-нөмірлі үлкен конвертке салуы т и і с .

4.8. Басқа да тендерге қатысушылардың барлығы үшін тендерлік ұсыныстар бар конверттерді қарау үрдісі осылайша жүргізілуі керек.

4.9. Тендерлік ұсыныстар бар барлық конверттер қаралып, бағаланған соң комиссияның әрбір мүшесі бағалау нәтижелері бар нысанды (3-қосымша куәландырып, оны төрағаға (хатшыға) береді.

4.10. Содан соң тендерлік комиссияның мүшелері куәландырылған нысандар негізінде бірдей рет саны бар қатысушының қорытынды балдарын жинақтап,

әрбір қатысушы бойынша жалпы жиынтық балды анықтайды, сөйтіп бұл балды комиссия хатшысы хаттамаға тіркейді.

4.11. Жалпы жиынтық балдың нәтижелері бойынша комиссия хатшысы ең көп жалпы жиынтық балл алған қатысушының рет санын жариялайды.

4.12. Егер екі немесе көп қатысушы бірдей мөлшерде ең көп жиынтық балл алған болса, сондай қатысушылардың ұсыныстары комиссия мүшелеріне қайтадан таратылып беріліп, тендердің жеңімпазы жабық дауыс берумен анықталады.

4.13. Комиссия төрағасы тендер жеңімпазының жарияланған рет санына сәйкес жеңімпаздық нөміріне сай келетін нөмірі бар үлкен конвертті алады, қатысушы туралы ақпарат бар конвертті суырып, оны ашады да танысу үшін көшірмелерді комиссия мүшелеріне таратып береді.

4.14. Комиссия мүшелері қатысушы туралы ақпаратпен танысқан соң төраға ашық тендерді ұтып, контракт жасауға құқығын алған жеңімпаз туралы мағлұматтарды қабылдайды.

4.15. Комиссия мәжілісінің тендер жеңімпазын анықтау жөніндегі нәтижелері хаттамамен рәсімделіп, оған комиссия мүшелері қол қояды және оны төраға бекітеді.

4.16. Тендерлік комиссияның хаттамасы негізінде қала (облыс) әкімінің аппараты немесе ол өкілдік берген орган тендердің жеңімпазымен тендерге қойылған маршрутқа немесе маршруттар жиынтығына қызмет көрсету туралы контракт (контрактының үлгі нысаны 4-қосымшада келтірілген) жасасады. Контракт жасасқан жеңімпазына маршрутта жұмыс істеу құқығын айғақтайтын куәлік (тах) беріледі.

4.17. Тендерге қатысушы өзі тендерге тапсырған ұсыныстардың қаралуы мен бағалауының нәтижелерін жазбаша түрде алу құқығына ие.

1-қосымша

АШЫҚ ТЕНДЕР ЖАРИЯЛАУДЫҢ ҮЛГІ НЫСАНЫ

1. Қала (облыс) әкімінің аппараты 1996 жылғы "___"_____ бастап жолаушылар көлігімен маршрутта (тарда) (олардың сипаттамаларын әкім аппаратынан алуға болады) қызмет көрсету жөнінде контракт (ылар) жасасу үшін ашық тендер өткізуді жариялайды.

2. Жолаушылар тасымалын ұйымдастыруға лицензиясы бар және қала (облыс) әкімінің аппаратына 1996 жылғы "___"_____ "___" сағатқа дейін тендерлік ұсыныстар рәсімделген нысанды тапсырған кез келген заңды немесе жеке тұлға тендерге қатыса алады.

3. Жолаушылар көлігімен маршруттарда қызмет көрсетуге арналған контракт тендер жеңімпазымен кемінде 5 жыл кезеңге жасалынады.

4. Тендерге құжаттардың жиынтығын, маршруттың (тардың) негізгі

сипаттамаларын және тендер өткізудің шарттары мен тәртібі туралы қажетті ақпараттарды қала (облыс) әкімінің аппаратынан _____ мекен-жай бойынша алуға болады.

Анықтамалар үшін телефон.

2-қосымша(G960202b)

ТЕНДЕРЛІК ҰСЫНЫСТАРДЫҢ ҮЛГІ НЫСАНЫНЫҢ ҮЛГІСІ

1. Сатып алынған, сол сияқты маршрутта (тарда) жұмыс істеу үшін жалға алынатын жылжымалы құралы

Рет саны	Көлік құралының маркасы	Шассиін дайындаған зауыт	Сыйымдылығы отыратын орындар	Шығарылған жылу лығы	Қанша жол жүрген (мың. км)
----------	-------------------------	--------------------------	------------------------------	----------------------	----------------------------

1	.
2	.
3	.

4.

2. Жылжымалы құрамды сақтауға, оған техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған өндірістік-техникалық базаның бар-жоғы және орналасқан жері _____

3. Әкімшілік кеңсесі үшін қандай үй-жайлар ұсынылады және олардың заңды мекен-жайы _____

4. Егер өндірістік-техникалық база мен әкімшілік үй-жайлар бөлмесі, жылжымалы құрамды орналастыру, оған техникалық қызмет көрсетіп, жөндеу, сондай-ақ Мердігердің басқару аппаратының қызметін қамтамасыз ету үшін қандай нұсқаулар ұсынылады _____

5. Егер көлік жолдан шығып қалған жағдайда оны алмастыру жөнінде ұсынылатын шараларды сипаттап жазыңыз. Жолдан шығып қалған көлікті алмастыру үшін қанша уақыт қажет болатынын көрсетіңіз _____

6. Жылжымалы құрамды жуумен тазалау қалайша ұйымдастырылып, жүзеге асырылатын болады: _____

а) Саланың іші _____

б) Сырты _____

7. Кадрлар

7.1. Әкімшілік-басқару қызметкерлері

Рет саны	Құрылымдық бөлімшелердің басшысының тегі, аты - жөні	Туған жылы	Білімі	Жұмыс стажы жалпы қала	Атқаратын қызметі тасымалында
----------	--	------------	--------	------------------------	-------------------------------

1 .
2 .

3.

7.2. Жүргізушілер құрамы

Рет саны	Аты, тегі, жөні	Туған жылы	Жүргізушілердің Жұмыс стажы жалпы қала	Соңғы медициналық байқаудан тасымал өткен уақыты
----------	-----------------	------------	--	--

1 .
2 .

3.

8. Жолаушылар таситын көлік жүйесіндегі жұмыс тәжірибесі.

8.1. Сіздің компанияңыз соңғы екі жыл ішінде көрсеткен көлік қызметін сипаттап жазыңыз (қала маршруттарына қызмет көрсету, қала төңірегіндегі, қалааралық және басқа тасымал жұмыстары) _____

Қызмет түрі	Қызмет көрсетудің басталған уақыты	Қызмет көрсетудің аяқталған уақыты	Көлік құрамының	Тасымалдау көлемі саны
-------------	------------------------------------	------------------------------------	-----------------	------------------------

9. Азаматтық жауапкершілігі бар жолаушылар тасымалдауға арналған сақтандыру контрактының бар-жоғы (егер сақтандыру контракты болса, оның көшірмесін қоса тіркеңіз)-----

10. Сіздің компанияңыздың соңғы қаржылық жылғы айналымы _____

11. Қатысушы ұсынатын құрылым және тендерге қойылған маршруттарда жалақы тарифінің деңгейі _____

12. Жылжымалы құрамды жаңарту ісін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың ұсынылатын жоспарын сипаттап жазыңыз _____

13. Тендерге қатысушы ұсынатын қосымша тендерлік ұсыныстар

Толтырылған уақыты 19__ жылғы " __ " _____

Кім толтырады _____

(лауазымы)

2-қосымшаның жалғасы

Қатысушы туралы ақпарат

1. Көлік компаниясының (тасымалдаушының) атауы және оның заңды мекен-жайы _____

2. Көлік компаниясының (тасымалдаушының), атынан өкілдік ететін уәкілдік білдірілген адам (тегі, аты-жөні, қызметі, мекен-жайы) _____

3. Көлік компаниясының (тасымалдаушының) құрылған уақыты _____

4. Көлік компаниясының (тасымалдаушының) тіркелуі туралы куәлік және компанияға қызмет көрсететін банктің есеп-шоты мен орналасқан мекен-жайы _____

3 қосымша

Тендерлік ұсыныстарды бағалау нысанының үлгісі

Қатысу-і Қатысушылардың тендерлік ұсыныстарын балл нәтижесімен бағалау шының і

реттік іЖыл.іӨн. іӨБҚ -іКөлікЖылжыіЖолау.і Қызметкерлердің құрамы, нөмірі іжы. ідір.іның іжол. імалы ішылар іолардың біліктілік деңгейі

імалыііс. іорна.ідан іқұрамітаси. і

іқұ. ітік ілас. ішығыпіды ітын і ӨБҚ і Жүргізушілер

ірам ібазаіқан іқал. іжуу. ікөлік і

і і іжері іған імен іжүйе. і

і і і іжағ. ітаза.ісінде.і

і і і ідайдаілау ігі соң. і

і і і іоны і іғы 2 і

і і і іалма.і іжылда.і

і і і істыруі іғы тә.і

і і і ішара.і іжіри. і

і і і ілары і ібесі і

1	2	3	4	5	6	7	8	9
---	---	---	---	---	---	---	---	---

1	4	3	5	3	5	3	4	5
---	---	---	---	---	---	---	---	---

	і	і	і	і	і	і	і	
--	---	---	---	---	---	---	---	--

2	5	4	5	5	5	4	3	4
---	---	---	---	---	---	---	---	---

	і	і	і	і	і	і	і	
--	---	---	---	---	---	---	---	--

3	3	4	5	5	4	4	4	5
---	---	---	---	---	---	---	---	---

	і	і	і	і	і	і	і	
--	---	---	---	---	---	---	---	--

4	5	3	4	5	4	4	3	4
---	---	---	---	---	---	---	---	---

	і	і	і	і	і	і	і	
--	---	---	---	---	---	---	---	--

5	4	2	3	4	4	4	3	3
---	---	---	---	---	---	---	---	---

	і	і	і	і	і	і	і	
--	---	---	---	---	---	---	---	--

6	3	4	5	3	5	4	4	5
---	---	---	---	---	---	---	---	---

	і	і	і	і	і	і	і	
--	---	---	---	---	---	---	---	--

7	4	5	4	4	4	5	4	3
---	---	---	---	---	---	---	---	---

	і	і	і	і	і	і	і	
--	---	---	---	---	---	---	---	--

8	5	5	4	5	3	5	5	3
---	---	---	---	---	---	---	---	---

таблицаның жалғасы

Сақтандыруі	Соңғы і	Құрылым і	Жылжымалы і	Қосымша і	Жиынтығы і
контракты.	іқаржы.	іжәне	іқұрамды	іұсыныстар	і
сының	ілық	ітариф	іжаңарту	іс-і	і
болуы	іжылғы	ідеңгейі	ішараларыныңі		і
	іайна.	і	іжоспары	і	і
	ілым	і	і	і	і
	і	і	і	і	і

10	і	11	і	12	і	13	і	14	і	15
----	---	----	---	----	---	----	---	----	---	----

4	і	5	і	5	і	3	і	5	і	54
	і	і	і	і	і	і	і	і	і	
4	і	5	і	4	і	4	і	4	і	56
	і	і	і	і	і	і	і	і	і	
4	і	5	і	5	і	4	і	3	і	55
	і	і	і	і	і	і	і	і	і	
3	і	4	і	4	і	3	і	5	і	41
	і	і	і	і	і	і	і	і	і	
5	і	5	і	3	і	4	і	5	і	49
	і	і	і	і	і	і	і	і	і	
3	і	4	і	5	і	4	і	3	і	53
	і	і	і	і	і	і	і	і	і	
5	і	5	і	3	і	4	і	3	і	52
	і	і	і	і	і	і	і	і	і	
5	і	4	і	5	і	4	і	5	і	68

Ескерту: Комиссия мүшелерінің бағасына сәйкес реттік саны 8 нөмірлі көлік компаниясы ең жоғарғы 68 баллды жинады.

4-қосымша

Жолаушылар көлігімен маршруттарда қызмет көрсетудің

ҮЛГІ КОНТРАКТЫСЫ

Біржағынан қала (облыс) Әкімінің аппараты жанындағы көпшілік пайдаланатын жолаушылар көлігі басқармасының қызметі, бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталады, _____

негізінде іс-қимыл жасаушының атынан және, екінші жағынан, Көлік компаниясы (тасымалдаушы), бұдан әрі "Мердігер" деп аталады,

іс-қимыл жасаушының атынан төмендегілер туралы осы контрактыны жасастық:

I - бап

Контрактының мәні

1.1. "Тапсырыс беруші" ашық тендерге қойған маршруттарда көлік қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асыру.

II - бап

Тараптардың міндеттері

2.1. "Мердігердің" міндеттері:

2.1.1. Ашық тендердің нәтижелеріне сәйкес көлікпен қызмет көрсетуге берілген маршруттарда осы контракт қолданылатын бүкіл мерзім бойы жолаушыларды ұдайы тасымалдау ісін ұйымдастыру мен атқару.

2.1.2. "Мердігер" тендерлік ұсыныстарда ұсынған және "Тапсырыс беруші" "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалдау ережелерін" орындау арқылы бекіткен тиісті маршруттарда жұмыс режимін сақтай отырып, жолаушылар тасымалын жүзеге асыру (Маршруттардың бекітілген схемалары мен жұмыс режимі қоса тіркелуі тиіс).

2.1.3. Тасымалдау ісін атқару кезінде техникалық жағынан дұрыс, сыйымдылығы мен жүк тасу нормалары тасымалдау қауіпсіздігінің талаптарына, медициналық-санитарлық, экологиялық және өртке қарсы шарттарға сай келетін көлік құралдарын пайдалану.

2.1.4. Тариф мөлшерін тендер айқындаған тәртіп пен шарттарға орай белгілеу.

2.1.5. Тасымал басталмай тұрып, жеті күн бойы және алдағы уақытта тасымалдау тарифі мен ережелері өзгертін кез-келген жағдайда бұқаралық ақпарат құралдары арқылы және автобустарға, аялдама пункттерінде жолақы мөлшері мен оны төлеудің тәртібі туралы түсіндіру жолымен халыққа х а б а р л а н д ы р у .

2.1.6. Техникалық қызмет көрсету, салонның іші-сыртын күн сайын жуып, тазалау, жылжымалы құрамды сапар алдында техникалық бақылау және стандарттардың талаптарына сәйкес жүргізушілерді медициналық куәландыру і с і н ұ й ы м д а с т ы р у .

2.1.7. Тасымалды ұйымдастыру мен жүзеге асыру барысында маршруттардың схемасын, жұмыс режимін, қозғалыс кестесін, тасымалдау тәртіптерін, жоспарланған көлік санын өзгертпеу және "Тапсырыс берушінің" келісімінсіз контрактыда көзделмеген басқа да іс-әрекеттер жасамау.

2.1.8. Жолаушылар тасымалдауға МАИ-ның оң тұжырымы бар, маршруттарда пайдаланудың белгіленген талаптарына сәйкес құралдармен, құрылғыларымен, схемалармен, кестелермен және маршрут көрсеткіштерімен

жабдықталған жылжымалы құрамды шығару.

2.1.9. Әрбір көліктің салонында көрнекі жерде автоинспекция мен маршрутқа қызмет көрсетуші көлік компаниясының диспетчер қызметінің телефон нөмірлері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету.

2.1.10. Уақтылы, қолданылымдағы талаптарға сәйкес, жылжымалы құрамның-техникалық байқаудан және жүргізушілердің медициналық байқаудан өтуін қамтамасыз ету.

2.1.11. "Тапсырыс беруші" "Тасымалдаушының" маршруттардағы жұмысын ұйымдастыру мен бақылау міндеттерін жүктеген құзыретті мемлекеттік органдардың талаптарына бағыну;

2.2. "Тапсырыс берушінің" міндеттері:

2.2.1. Тасымалдау ережелерінің, қозғалыс маршруттарының және т.б. өзгерту туралы "Мердігерге" уақтылы хабарлау.

2.2.2. Көше-жол жүйесінің, желі құрылыстарының, бұрылу алаңдарының дұрыс болуын және жүріп-тұру үшін қолайлы жағдай туғызылуын қамтамасыз ету.

2.2.3. "Тапсырыс берушінің" тарапынан жасалған іс-әрекеттің немесе әрекетсіздіктердің салдарынан "Мердігерге" келтірілген зиянды өтеу.

2.2.4. Жылжымалы құрамның паркін жаңартуда "Мердігерге" көмек көрсету (жеңілдікті кредиттер, лизинг және т.с.).

III - бап

Тараптардың құқықтары

3.1. "Мердігердің" құқықтары:

3.1.1. Жолаушының жолақысы мен бағасының төлемақысының мөлшерін, маршрут (тар) жұмысының режимін өзгерту және жолаушыларға маршруттар көлікпен қызмет көрсетуді жетілдіруге бағытталған басқа да шаралар бойынша ұсыныстар әзірлеуді "Мердігерге" құқықтар беру.

3.1.2. Көше-жол жүйесі қозғалыс қауіпсіздігі мен жолаушылар тасымалдаудың талаптары мен шарттарына сай келмейтін маршруттарда немесе маршруттар учаскелерінде жолаушылар тасымалдаудан белгіленген тәртіптен бас тарту немесе бұл істі тоқтату.

3.1.3. Маршруттарды ашу (жабу), олардың бағытын өзгерту, қозғалыс кестесін, режимін, тасымал тарифтерін және т.б. қайта қарау жөнінде "Тапсырыс берушіге" ұсыныстар енгізу.

3.2. "Тапсырыс берушінің" құқықтары:

3.2.1. "Мердігердің" жұмысын бақылау және бақылаудың нәтижелері бойынша белгіленген тәртіппен айыппұл санкцияларын қолдану, контрактыны толық немесе ішінара тоқтата тұру немесе жою.

3.2.2. "Мердігердің" контракт бойынша қабылданған міндеттемелердің

орындалуы туралы уақтылы есептер беріп отыруды талап ету.

3.2.3. "Мердігердің" көлік компаниясы өз-өзіне тараған, таратылған жағдайда, сондай-ақ "Мердігер" аталған контракт бойынша жұмыс істеу құқығын "Тапсырыс берушінің" келісімінсіз үшінші тарапқа берген сәтте тартқан зиянды "Мердігерге" өтемей-ақ осы контрактыны белгіленген тәртіппен жою.

І Ү - б а п

Тараптардың жауапкершілігі

4 . 1 . " М е р д і г е р " :

4.1.1. "Тапсырыс беруші" анықтаған әрбір тәртіп бұзушылық үшін, осы контрактының шарттарын орындалғаны немесе ойдағыдай орындалғаны үшін _____ теңге мөлшерінде.

4.1.2. Контрактының шарттарын бірнеше рет бұзғаны үшін (қозғалыс схемасын, кестесін, жұмыс режимін өзгерту, жолаушылардан негізделген шағымдардың, арыздардың және т.б. түсуі) "Тапсырыс берушінің" осы контрактыны бір жақты бұзуына дейін жауап береді.

4 . 2 . " Т а п с ы р ы с б е р у ш і " :

4.2.1. Көше-жол жүйесінің жағдайынан "Мердігерден" алдын-ала келісілмей көшелердің жабылып қалу (салдарынан маршруттарда тасымалдаудың тоқтатылу , немесе шектелу себептерін жою жөнінде уақтылы шаралар қолданбағаны үшін келтірілген зиянның мөлшерінде жауап береді.

Ү - б а п

Б А С Қ А Е Р Е Ж Е Л Е Р

5.1. Қызметтің жағдайлары мен шарттары шынайы түрде өзгерсе кез-келген тараптың ұсынысы бойынша контракт ережелерінің қайта қаралуы мүмкін. Ұсынылған өзгерістер туралы шешімді кез-келген тарап жазбаша өтініш алынған сәттен бастап он төрт күн ішінде қабылдайды.

5.2. Тараптардың біреуінің ұсынысы немесе екі жақты келісім бойынша контракт заңда белгіленген тәртіппен ұзартылуы немесе бұзылуы мүмкін.

5.3. "Мердігер" осы контракт бойынша өз міндеттемелерінің немесе ішінара орындалуын қамтамасыз ететін шағын контракт жасай алады, ол тек "Тапсырыс" берушінің келісімімен ғана жасалады. Мұндай жағдайда "Мердігер" осы контрактының шарттарының орындалуы үшін "Тапсырыс берушінің" алдында толық жауапты болады.

ҮІ - бап

ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

Контракт _____ жыл бойы қолданылады

Басталуы 199__жылғы " __ " _____

Аяқталуы 199__жылғы " __ " _____

Тараптардың заңды мекен-жайлары:

"Тапсырыс беруші"

"Мердігер"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК